



Азғырдың Пензаға айдалған азаматтары

1928 жылы бай шаруашылықтарды кәмпескелеу және оларды тұрғылықты мекенінен көшіру барысында құзырлы органдардың назарына, әсіресе, хан ұрпақтары мен бұрынғы болыс правительдер алдымен ілікті. Осы науқан қыза түскен уақытта ОГПУ-дың Орал өңірлік бөліміне Бектілеу Алғазиев, Латып Омаров (Соқыр Латып) және Мұхамедияр Мұқатовқа қатысты қылмыстық іс келіп түскен. Бұл құжат бүгінде Батыс Қазақстан облыстық Полиция департаменті архивінде сақтаулы. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Батыс Қазақстан облысы бойынша жұмыс тобының мүшесі және зерттеу тобының жетекшісі ретінде аталған архив құжатымен танысып көрдік.



Коллажды жасаған Қомебай ШЕЖІМБАЙ, «ЕО»

Шаң басқан архив құжаттарын зер сала қарағанда байқағанымыз, Азғыр ауданының №5 ауылы, Шалкар және Таубұйрат ауылдарының ауқатты байлары кәмпеске кезеңінде «дүние-мүлкін жасырды, кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, патша дәуіріндегі өмірді дәріптеді, жергілікті кеңестік билік аппаратын өздеріне бағындырып алды және билік органдары өкілдеріне қарсылық танытты» деп айыпталса бастаған.

Азғыр аумағы әуелде Бөкей ордасына қарап, 1926 жылдан 1930 жылға дейін Орал округінің құрамында Азғыр ауданы болып тұрған. Бүгінде Атырау облысының Құрманғазы ауданына қарайды. Міне, сол кездегі Азғыр ауданына қарасты Таубұйрат, Толыбай, Жиделі, Шалкар, Үштаған және басқа да ауылдарында кәмпескелеу саясатының кесірінен дүрбелен етек алып, байлардың мал-мүлкі талан-таражға түседі. Тарихшы Зұлқожа Шарафутдинов «Таубұйрат» атты еңбегінде Орал округінде кәмпескелеудің алғашқы кезеңінде 67 байдың тізімі жасалғанын, сол тізімдегі байлардың көпшілігі Азғыр ауданынан шыққандар екенін атап көрсеткен.

марапатталған. Қазақтан тыл жұмысына адам алу кезеңінде Алғазиевтің өз қызметін пайдаланып, ауыл тұрғындарынан ірі көлемді пара алғаны істе айтылған.

Бектілеу Алғазиев ескі жүйенің табанды жақтаушысы ретінде Қызыл Армияға белсенді түрде қарсы шыққан және акгвардияшылармен, бандалық топтармен тығыз байланыс жасап отырған. 1918 жылы Нарын бөлімін қызылдардан азат ету мақсатында Б.Алғазиев осы өңірдің аса ірі байларымен бірге Анохин бандасын Ордаға шақыруға бастамашылық еткен. Анохин тобы Ордада 80 жігітті өлтіріп, қанды қырғын жасағаны тарихтан белгілі. Бұл оқиғалардан Бектілеу Алғазиевтің Кеңестік биліктің орнауына ашық қарсы шыққаны көрініп тұр.

Кеңес билігі орнаған соң Бектілеу Алғазиев өзінің контрреволюциялық қызметін жасырып, жергілікті билік аппараты қатарына өткен. 1919-1922 жылдары Ревтрибуналда, аудандық атқару комитетінде, халық сотында жауапты қызмет атқарған.

Төңкеріске дейін халық арасында Алғазиевтің ықпалы күшті болған, сол ықпалын Кеңес өкіметі кезеңінде де сақтап, ортаңшылар мен кедейлердің бір бөлігін

Бөкей губерниясында акгвардияшылар мен бандалар жойылып, Кеңес билігі орнағаннан кейін Латып Омаров халық арасында өз ықпалын сақтап, Өтешқали Мұқашевпен және басқаларымен бірге №5 ауыл кеңесінің құрамына мүше болып кіреді. 1920-1927 жылдары ауылдық кеңестің құрамында болған кезеңінде Латып Омаровқа «ортақ дүние-мүлкі, малды талан-таражға салды, өзінің туыскандарына бөліп берді, алыпсатарлықпен айналысты», деп кінә таққан.

Патша өкіметі кезеңінде барлық Омаровтар, соның ішінде Соқыр-Латып та «Жаман Бестау», «Теректі» мекендеріндегі ең жақсы шұрайлы шабындық жерлерді иеленіп келген. 1926 жылы Латып Омаров өз күшімен және ауылдық кеңес мүшелеріне ықпал етуі арқылы «Теректі» мекеніндегі жерді кедейлерден тартып алып, қарсы шыққандарын ұрып-соғады. Омаровтың қаһарынан қорыққан кедейлер бұл жерден көшіп кетуге мәжбүр болған. Мұндай жағдай 1928 жылы шабындық жерді бөліске салғанда да қайталанған. «Қызылшошақ», «Қызылбауыр» мекендеріндегі кедейлерге берілуі тиіс жерлер Омаровтың иелігіне өтіп кеткен. Омаровтардың өз аламы,

тастаған. Жалпы, 1927 жылы шабындық жерді қайта бөлу кезінде Мұқатов бұл шараға кедергі келтіріп, өзіне шұрайлы жерлерді алып қалуға тырысқан. Ол кей жағдайда ауылдық кеңестің мүшелеріне ықпал ету жолымен, кейде кедейлерге күш көрсетіп, оларды алдау арқылы мақсатына жетіп отырған. Сонымен ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің айыптау ісі бойынша М.Мұқатов Кеңес билігі саясатына бағынбайтын, социалистік құрылысқа қауіп төндіретін тұлға ретінде есептелінді.

Сөйтіп, Азғыр ауданының аса ірі байлары Кеңес өкіметінің байларды тап ретінде жоюға бағытталған солақай саясатының құрбанына айналып, саяси қуғын-сүргінге душар болды. Шын мәнінде олардың еш кінәсі жоқ еді, олардың бар кінәсі ықпалды ірі бай болғаны, акгвардияшыларды қолдағаны. Ал азамат соғысы кезеңінде елдің екіге жарылып, бірі-бірімен соғысуы – тарихи заңдылық. Алашордашыларға, бұрынғы патша өкіметіне қызмет еткен шенеуніктерге бастапқыда кешірім берген Кеңес билігі кейін олардан қауіптенді, оларды қоғамнан аластап, саяси жағынан қудалауды, жаппай соттауды өздеріне

ТАҒЫМ

Майдан хаттары

Ұлы Отан соғысында ерлігімен елесінде қалған ерендер, Кеңес Одағының батырлары Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов және Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың туғанына биыл 100 жыл! Атаулы мерейтойға орай елордадағы Бейбітшілік және келісім сарайында «Майдан хаттары» атты театрландырылған концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылды. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен табылымды кештің авторы – Назгүл Сарыбай.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Ок пен оттың ортасында жүріп, ерен ерлік көрсетіп, өшпес данқа бөленген батырлардың есімі халқының жадында мәңгілікке жатталды. Жылдар ұзаған сайын жарқын бейнелері мен бекзат болмысы ел жүрегіне жақындай түсері және ақиқат жайт. Ал уақыт ағзам алақанында бедерленген ерен ерліктері өскелең ұрпақ үшін ұлттың сүю мен халқына қалтқысыз қызмет етудің жарқын көрінісі болып мәңгілік жасай бермек. «Майдан хаттары» арқылы сыр шертілген сұрапыл жылдар шындығы көркем өнер тілінде осы мұрат жолында тағылым түйгізді.

Өнер мен өнеге қатар өрілген мазмұнды кеште Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың хаты, қару мен қаламды қатар арқалай жүріп соғысқан майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың күнделігінен естелік және басқа да майдан хаттары оқыла отырып, сол негізде қойылған театрландырылған шағын көріністер концерттік бағдарламаның көркемдік деңгейі мен қызығарлық мәнін одан әрі байыта

на катысты деректер БҚО мемлекеттік архивінің №992 қорында сақталған. Архив құжаттары бойынша Азғыр ауданынан кәмпескелеуге ұшыраған 22 бай мыналар: Шамак Доскалиев, Баки Өтегенов, Шәпен Омаров, Әбубәкір Мәмбетов, Бомаш Болдиянов, Бектілеу Алғазиев, Латып Омаров, Макаш Исенбаев, Көптілеу Алғазиев, Шәрмен Омаров, Иманғазы Ғаббасов, Халық Мәшекенев, Мұхамедияр Мұқатов, Сәти Балқашев, Өтешқали Мұқашев, Ғұсман Доскалиев, Қажыбай Абсатыров, Өтебала Баянасов, Мұсағали Тоғайбаев, Зұлқаш Шұбаев, Қожантай Хайырлиев, Қаби Үмбетов. Осы байлардың ішінен Бектілеу Алғазиев, Латып Омаров және Мұхамедияр Мұқатов құзырлы органдардың бақылауына бұрынырақ түскен.

1928 жылы 28 тамызда ОГПУ-дың Орал өңірлік бөлімі Орда ауданы бойынша уәкілдеріне Орал округіне қарасты Азғыр ауданы №5 ауылының тұрғыны Омаров Соқыр-Латыпты, Таубұйрат ауылының тұрғыны Мұқатов Мұхамедиярды, Шалқар ауылының тұрғыны Алғазиев Бектілеуді тіптуге рұқсат беретін ордерді табыстаған. Сөйтіп, олардың мал-мүлкі, қора-қопсысы, үй-жайы тексеріліп, тіпту хаттамалары толтырылған. Тергеп-тексеру барысында Омаров Латыптың 2 қыстауы, 2 жазғы орны, 85 жылқысы, 35 түйесі, 300 сиыры, 400 қойы бар екені анықталған. Ал Мұқатов Мұхамедиярдың меншігінде 2 жер үйі, 1 киіз үйі, 50 жылқы, 40 түйе, 150 сиыр, 300 қой бар екені көрсетілсе, 100 сиырын, 100 қойын жасырғаны мәлім болған. Алғазиев Бектілеудің иелігінде 2 киіз үйі, 2 жақсы жабдықталған жері үйі, 130 жылқысы, 70 түйесі, 250 ірі қарасы, 500 қойы болса, бұдан басқа 750 ірі қара малды, 1000 бас қой мен ешкіні жасырғаны анықталған. Байлардың мал-мүлкінің бір бөлігі кәмпескеленген.

Азғыр ауданының «аса қауіпті әлеуметтік элемент» ретінде көрсетілген байлары туралы БҚО Полиция департаменті архивіндегі П-4298 нөмірлі құжатта мынадай деректер бар:

Бектілеу Алғазиев, 52 жаста, қазақ, алаша руынан шыққан, Орал округі Азғыр ауданының Шалқар ауылының тұрғыны, ауқатты бай, 2 кластық училищені бітірген, 2 әйелі бар, малшы, партия қатарында жоқ, бай ретінде дауыс беру құқығынан айырылған, бұрын істі болмаған және сотталмаған. Бектілеу Алғазиев патша билігі кезеңінде өзінің беделін пайдаланып, 1897-1905 жылдар аралығында Ішкі Бөкей ордасын басқару жөніндегі Кеңестің жанында депутат болса, 1910-1912 жылдары сол кеңесте писарь, ал 1916 жылдан Нарын бөлімі правительлінің көмекшісі қызметтерін атқарған. 3 мәрте медальмен

өзінің жағындағы білген. 1925 жылы енді өзі жоғары лауазымды орындарға ие болмаса да жергілікті билік органдарын басып алуға ұмтылуын тоқтатпаған. 1926 жылы сайлау науқаны кезінде ол Шалқар ауылдық кеңесінің құрамына өзіне жақын және қажетті адамдардың өтуіне бар күшін салған. Осы мақсатта ол өз үйіне ауылдық кеңеске сайлауға түсетін адамдарды жинап, оның бастамасы мен күштеуі нәтижесінде ауылдық кеңес төрағалығына Артаналиев, хатшысына Исжанов сайланады. Осылайша, ол өзі қойған адамдар арқылы ауыл тұрғындарына ықпалын жүргізеді.

ОГПУ-дың мәліметі бойынша 1927 жылы Алғазиев ауылдық кеңес мүшелерімен бірге мешіт құрылысына тұрғындардан мәжбүрлі түрде қаражат жинаған. Осы мәселе бойынша Алғазиевтің үйінде бірнеше қайтара жиылыс өтіп, ауыл байлары мешіт құрылысына қаражат жинау мақсатында тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізген. Нәтижесінде халықтан 15 сауын сиыр, 12 бұқа, 150 сом ақша жиналған. Кейін Бектілеу Алғазиевтің мешіт салудағы бұл игі бастамасы өзіне айып болып тағылған.

Сонымен бірге Алғазиев ауылдық кеңестің мүшелеріне өзінің ықпалын жүргізе отырып, шұрайлы шабындық жерлерге ие болған. Ауылшаруашылық алым-салықты төлемеу жағын қарастырып, өзіне тиесілі жерлерді әдейі жасырып келген.

Соқыр-Латып Омаров, 44 жаста, қазақ, алаша руынан шыққан, Орал округі Азғыр ауданының №5 ауылының тұрғыны, бай, сауатсыз, отбасылы, малшы, партия қатарында жоқ, бай ретінде дауыс беру құқығынан айырылған, шабындық жерді бөліске салу бойынша істі болған. Революцияға дейін аса ірі бай ретінде кедейлердің еңбегін пайдаланып келген. 1916 жылы ауыл старостасы болған, биліктің арқасында Латып Омаров жергілікті халыққа күшті ықпал еткен. Оны тыл жұмыстарына қазақ жігіттерін алу кезінде байлардан пара алды деп айыптаған.

Омаров ескі жүйе өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың алдында зор беделге ие болған. 1918 жылы Нарын бөлімі правительлінің он қолы, ең жақын көмекшісі есебінде шексіз құқыққа ие болған. 1919 жылы акгвардияшылармен байланыса отырып, Бектілеу Алғазиев, Шәрмен Омаров және Шәпен Омаров секілді байлармен бірге Бөкей губерниясы территориясын қызыл әскерден азат ету қозғалысына белсенді қатысқан. Акгвардияшылар әскерін азық-түлікпен, ат-көлікпен қамтамасыз етіп отырған. Латып Омаровтың жеке өзі акттардың әскеріне 11 арғымақ атын берген екен.

ауылдық кеңес төрағасы Мәндіханов байлардың, ақсақалдардың мүддесін қорғап, айтқанын орындап отырған. Осылайша, Азғыр ауданы ауылдарындағы жергілікті билік шын мәнінде байлардың бұрынғы патша дәуіріндегі шенеуніктердің қолында болған. Латып Омаров ауылдық кеңесте болған жиналыстарда Кеңестік билікті мойындамай, кәмпескелеу саясатына қарсы бағытталған наразылықтарды ұйымдастырған.

Мұхамедияр Мұқатов, 63 жаста, қазақ, беріш руынан шыққан, Орал округі Азғыр ауданының Таубұйрат ауылының тұрғыны, бай, шала сауатты, отбасылы, партия қатарында жоқ, бұрын істі болған. Мұқатов Мұхамедияр патша өкіметі кезеңінде 5-6 жыл Нарын бөлімі №7 ауылының старшинасы болған. Халық арасында ықпалы күшті болғаны соншалық, оның 30-40 жігіттен тұратын шабарманы барымтамен, адамдарды ұрып-соғумен айналысқан. Мұхамедияр Мұқатов өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып, көлемді шабындық жерлерді иеленіп алған, жер сатумен шұғылданған.

Қазан төңкерісі кезінде Мұқатов ескі жүйені қолдап, акгвардияшылардың, бандалық топтардың жағында болады. 300 қарулы банды әскерін ауылына шақырған. Банда басшыларын өз үйінде қабылдап, қалғанын ауылдағы басқа үйлерге жайғастырады, оларды тамақтандырып, атына жем-шөп беріп отырады. Банда Мұқатовтың ауылында қызыл әскер келгенше екі ай бойы болады. Бандамен бірге Мұқатов та қашып, өзінің тұрғылықты жеріне 1920 жылы ғана оралады. Сөйтіп, Мұхамедияр Мұқатов Бөкей Орда губерниясы территориясында кеңес билігі орнауына өзінің қарсылығын білдірген.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де Мұқатов ауыл-аймақтағы кедейлерді қыспақтауын қоймай, оларға бөлінген жақсы шабындық жерді азын-аулақ ақы беремін деп тартып алатын болған. Мысалы, 1927 жылы «Қараой» қыстауындағы шабындық жерді кедейлерден алып, оларға бір қой беремін деп уәде еткен. Сондай-ақ Мұхамедияр тұрғындарға ауылдық кеңестегі сенімді адамдары арқылы ықпал етіп келген, ал байлардың мүддесіне қарсы шығып, өз дегенін орындамағандарын жазалап отырған. Мәселен, 1927 жылы 3 маусымда жерді бөліске салуға арналған жиналыстың алдында басқа да байлармен бірге кедейлерді ауылдық кеңестің төрағасы Масалимовқа қарсы айдап салады. Оларды төрағаны ұрып-соғып, қолындағы құжаттарын тартып алуға итермелейді. Сейітов, Ықмәлиев, Әлікенов секілді кедейлер Мұқатовтың айтқанына көніп, ауылдық кеңес төрағасы Масалимовты ұрып

1928 жылы тамыз-қараша айларындағы тергеп-тексеру шараларынан кейін 16 қарашада Орал округтік ОГПУ-ы Бектілеу Алғазиевке, Латып Омаровқа, Мұхамедияр Мұқатовқа Қылмыстық кодекстің 58-10-13, 59-3-баптары бойынша алғашқы айып тағып, 22 қарашада қамауға алған. Ал 29 қарашада үшеуінен Қылмыстық кодекстің 59-3-бабы бойынша бандитизмге айыптау алынып тасталған және істі Қазақ КСР-іне қарасты ОГПУ-дың саяси өкілдігінің қарауына жіберуге шешім қабылданған. 1928 жылы 20 желтоқсанда ОГПУ-дың ҚКСР бойынша өкілдігінің айыптау қорытындысы шығарылып, 1929 жылы 7 қаңтарда аталған іс ОГПУ-дың соттан тыс алқасының қарауына жолданады. 1929 жылы 28 қаңтарда оларға «қылмыстық іс» Мәскеудегі ОГПУ-дың орталық тіркеу бөліміне келіп түскен.

1929 жылы 15 наурызда Мәскеудегі ОГПУ алқасының арнайы отырысында Қылмыстық кодекстің 58-10 бабы бойынша Б.Алғазиевке, Омаровқа, Мұқатовқа қатысты №69040 айыптау ісі қаралып, үшеуін Мәскеу, Ленинград, Харьков, Киев, Одесса, Дондағы Ростов губерниялары мен округтерінде және Орталық Азия аумағында тұру құқығынан айырып, 3 жыл мерзімге Қазақстаннан жер аударуға шешім қабылданған. 1929 жылы сәуір айының соңында оларды Пенза өңіріндегі бай-қулақтарды қабылдайтын елді мекенге жөнелткен.

Азғыр ауданынан жер аударылған азаматтардың кейінгі тағдыры белгісіз, олар туралы қолымызда қандай да бір дерек жоқ. Дегенмен еліміз егемендігінің арқасында 1999 жылы 29 сәуірде жазықсыз саяси қудалауға ұшыраған Бектілеу Алғазиев, Латып Омаров, Мұхамедияр Мұқатов Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қаулысымен ақталып шыққан. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Азғыр аумағынан шыққан ауқатты адамдар Қазақстан Республикасының 1993 жылғы заңымен құқықтық жағынан ақталған, енді оларды қоғам болып моральдық және саяси тұрғыдан толық ақтап алуымыз керек. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген, саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін бір сәт еске алып, олардың қандай да бір қателіктері болса, кешіріммен қарап, аруақтарына тағзым ету – парызымыз!

Ескайрат ХАЙДАРОВ, Жәңгір хан атындағы БКАТУ-дың аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі БҚО бойынша жұмыс тобының мүшесі

түсті. Сондай-ақ кеш барысында Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің тарихи сұхбаты көрсетілді.

Мәңгілік ерлік тақырыбын арқау еткен тағылымды туындының талғам биігінде сарапталуына тер төккен сахнагерлер қатарында Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов, белгілі театр және кино актері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әділ Ахметов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Иманбаева бастаған елорда театрларының жетекші актерлері бар. Басты рөлді сомдаған әртістер Тілектес Мейрамов пен Әділ Ахметовтің әңгімелеуі арқылы сұрапыл соғыс жылдарының тарихи парактары ақтарылды. Әрбір сахналық қойылым сахна төріндегі алып экранда салынған графикалық реконструкциялармен безендіріліп, сол арқылы көрерменді майдан алаңы мен тылдағы тіршілікке терең бойлатты.

Бала рөлінде сәтті бейне жасаған «А.И. театрының» жас актері Тәңірберген Ибадуллаевтың таланты да келген көрерменді тандай қалқызбай қоймады. Жас болса да рөл табиғатын жіті түсініп, тұшымды бейне тудыра білген балдырған өнері болашағынан зор үміт күттіреді.

Мерекелік концертте театрландырылған қойылымдармен қатар, сондай-ақ соғыс жылдарындағы әйгілі әндер Р.Рымбаева, М.Арапбаева, А.Жылтыргөзов, Т.Мұсабаев, Р.Жармағамбетов, К.Төленбаева, Г.Мырзабекова, Е.Рысқали, Ж.Маясаров, Р.Байдүкенова бастаған дәстүрлі және эстрада әншілерінің орындауында көпшілік көңілін қозғады. Сазынан гөрі арманы, мұны мен өкініші басым әндер соғыстың сұрапыл жылдарына сапар шектіре отырып, қасіретті жылдардың көрінісін шынайы сезіндірді һәм тыныштық пен бейбіт күннің қадіріне жетер ешнәрсе жоқ екендігін шын ұғындырғандай болды. Әсіресе, Рамазан Елебаевтің «Жас қазақ», Қасым Аманжолдың «Дариға, сол қыз», Сейдолла Бәйтерекөвтің «Әлия» әндерін тындағанда тебіренбеген, толқымаған көрермен, егілмеген жүрек жоқ. Кеш соңында батырлар рухына бас иіп, құрмет көрсеткен көрерменнің соққан шапалағы ұзақ уақыт толастамады.